



Бейне жасау.

Балалар нені үйренеді:

Тапсырмаларды шығармашылық түрғыдан шешу
Жоспарланған әрекеттер туралы пайымдау
Бұрын меңгерген ережелерді пайдалану (кескін)

Дайындық жаттығу

- 3-4 баладан тұратын топтарда балалар текшелерді араластырады және жүргізушіні таңдайды.
- Тәрбиеші жүргізушіге бір сөзді сыбырлайды, мысалы, «ағаш».
- Жүргізуші өз тобына келіп, естіген сөзімен сипатталатын фигураны жылдам құрастырады, ал қалғандары осы сөзді табуы тиіс.
- Топқа сұрақ қоюға рұқсат етілмейді, бірақ болжамды сөздерді атауға болады. Сөз табылған кезде, жүргізуші бұл туралы айтады.

Жетелеуші сұрақтар

- Қай топ сөзді тапты?
 - Топтың келесі жүргізушісіне қалай көмектесуге болады?
- Жаңа жүргізушіні таңдап, жаңа сөзбен ойынды қайталаңыз.

Топтағы әр бала жүргізуші болғанша ойынды жалғастырыңыз.



Сөйлемді табыңыз

1-4 қадамды орындаңыз, бірақ 3-4 сөзден тұратын сөйлемді қолданыңыз (жүргізушілер текшелердің көмегімен оларды құрайтын сөздерді көрсетуі мүмкін).

- Топ бір сөзді тапқан кезде, жаңа жүргізуші келесі сөзге ауысады.

Жетелеуші сұрақтар

- Қай топ сөйлемді бірінші болып тапты?
- Сөздерді құрастыру үшін қандай тәсілдер немесе ережелер дұрыс?





Текшелермен басқа да ойындар

Балалар нені үйренеді:

Жаңа тапсырмаларды сенімділікпен алу

Қозғалу

Тапсырмаларды орындаудың өзіндік тәсілдерін ойлап табу

Дайындық жаттығу

1. Балалар 4-6 баладан топқа бөлініп, сапқа тұрады.
2. Әр саптың басында қолында текшесі бар жүргізуші тұрады.
3. Жүргізуші бүгіліп, текшені аяғының арасынан артқы жағында тұрған адамға береді, ол текшені басынан жоғары қарай өткізеді.
4. Балалар текшені әрі қарай томеннен-жоғарыға береді.
5. Сапты аяқтайтын бала текшені жүргізушіге қайтарады.

Жетелеуші сұрақтар

- Текшені тағы қандай тәсілдермен беруге болады (мысалы, айналдыру, бір немесе екі қолмен және т.с.с.)?
6. Беру тәсілін ауыстырып, жаттығуды жаңа жүргізушімен қайталаңыз.



Текшелермен қимылда

1. Балалар текшелерін ұстап, шеңберге тұрады.
2. Балалар кезекпен шеңберге кіріп, қандай да бір іс-қимыл немесе текшемен фокус корсетеді (мысалы, оны иекпен ұстап тұрады, оны табанымен немесе қолымен ұстап тұрады, жоғары лақтырады, басында ұстап тұрады және т.с.с.)

Жетелеуші сұрақтар

- Текшемен қай қимылды жасау қиын?
- Текшемен тағы қандай ойындарды ойлап табуға болады?





Көпір салу

Балалар нені үйренеді:

Тапсырмаларды шығармашылық тұрғыдан шешу
Тапсырмаларды қашан және қалай орындау туралы
келісу

Негізделген таңдау және негізделген шешім қабылдау

Дайындық жаттығу

Жаттығуды көпірлерді және олардың мақсатын талқылаудан бастаңыз. (Осында көрсетілген суреттерді пайдалануға болады).

1. Төрт баладан тұратын топтарда балалар өз текшелерін біріктіреді және «өзен» арқылы өтетін көпірді салу тәсілдерін ойластырады. (Балалар өзен деп елестету үшін еденге көк мата немесе қағаз төсеңіз).
2. Балаларға өзен арқылы өтетін көпірді салу бойынша өз әрекеттерін ойласуға және жоспарлауға уақыт беріңіз.

Жетелеуші сұрақтар

- Текшелердің көмегімен қажетті көпірдің ұзындығын қалай өлшеуге болады?
 - Көпірді не орнықты етті? Ауыр көпірге не болады?
 - Сіз топтағы түрлі міндеттерді қалай бөлесіз?
3. Балаларға көпір салуға уақыт беріңіз. Берілген уақыт өтетін кезде, оларға ескертіңіз.
 4. Әр көпірдің беріктігін тексеріңіз (балалардан мұны қандай тәсілдермен, мысалы, қандай да бір ойыншықпен немесе кітаптың көмегімен жасауға болатынын сұраңыз).

Жетелеуші сұрақтар

- Сіздің жоспарыңыз қалай іске асты? Сіз құрылыс барысында қандай идеяларды ауыстырдыңыз және нелікпен?
- Топта бірлескен жұмыс қалай өтті?



Шыңырау арқылы көпір салу

1-4 қадамды орындаңыз, бірақ балалар енді екі орындықтың арасындағы шыңырау арқылы көпір салсын.

5. Балалар өз көпірлерін қайта қарайды және оның конструкциясын қалай жетілдіру керектігін талқылайды.

Жетелеуші сұрақтар

- Көпірді ұзарту және жеңілдету үшін көпірдің конструкциясындағы қуыстарды қалай пайдалануға болады?



Көпір мен әңгіме арасында байланыс жүргізіңіз

Осы жаттығудың 1-4 қадамдарын орындаңыз.

5. Жасалған көпір мен сіз балалармен бұрын оқыған әңгіме арасында байланыс жүргізіңіз немесе балалар өз сюжетін ұсынады.

Жетелеуші сұрақтар

- Сюжеттің барысында көпірдің жанында немесе көпірде не болады? Әрекетті орындау үшін қандай театр реквизитін пайдалануға болады?





Аспалы конструкциялар

Балалар нені үйренеді:

Жаңа тапсырмаларды сенімділікпен алу

Зейін қою және алаңдамау

Тапсырмаларды орындаудың жеке

тәсілдерін ойлап табу

Дайындық жаттығу

1. Балалардың әрқайсысы үстелдің шетіне жақын бір текшеден қояды.

Тапсырма — үстелдің шетінен қанша текше түсіруге болатынын білу.

Жетелеуші сұрақтар

- Үстелдің шетінен неше текшені төмен түсіруге болады? Құрастыру барысында қарсы салмақ жасау керек.
- Қай шешім ең жақсы?



10-20

Жұптағы жұмыс

Балалар жұпқа бөлініп, өз текшелерін араластырғанда, осы жаттығудың 1 қадамын орындаңыз.

Жетелеуші сұрақтар

- Қолыңда 12 текше болғанда қаншалықты алысқа баруға болады?
- Не істеу және кім немен айланысу керектігін қалай шешесіз?



10-20


Топтағы жұмыс (немесе бір ортақ топта)

Кемінде 4-6 баладан тұратын топтарға бөліп, осы жаттығудың 1 қадамын орындаңыз.

2. Балалар жоғары беттен түсіп тұратын конструкциялар жасап көрсін.

Жетелеуші сұрақтар

- Сіз құрылыс үшін биіктеу орын таба аласыз ба?
- Еденге жету үшін не қажет?





Байланыс үйі

Балалар нені үйренеді:

Сипаттау және түсіндіру үшін тиісті тілдік құралдарды қолдану

Басқа адамның көзқарасы тұрғысынан ойлау
Бұрын меңгерген ережелерді қолдану (есте сақтау)

Дайындық жаттығу

1. Балалар жұппен өз текшелерін біріктіреді.
2. Тәрбиеші қарапайым үлгі жасап, оны болмеде жасырады.
3. Әр жұптан бір бала үлгінің қалай жасалғанын келіп кореді де, жолдасына қалай жасалғанын түсіндіреді.
4. Жолдасы осы үлгіні жасайды (бірінші балаға жасауға болмайды).

Бірінші бала үлгінің қалай жасалғанын нақтылау және есте сақтау үшін үлгіні бірнеше рет келіп коруіне болады.

5. Бес минуттан кейін жұп өз үлгісімен салыстыруға барады.

Жетелеуші сұрақтар

- Үлгіні есте сақтауға не көмектесті немесе кедергі келтірді?
 - Сен есте сақтау үшін қандай «амалдарды» қолдандың?
 - Нұсқауларды орындау қиын болды ма?
 - Келесі кезеңде бір-біріңе қалай көмектесуге болады?
6. Тәрбиеші үлгіні ауыстырады және балалар ролдермен ауысады.



3 рет қана тексеруге рұқсат етіледі

Жұптарда немесе топтарда осы жаттығудың 1-6 қадамдарын орындаңыз, бірақ осы жолы балаларға 3 рет тексеруге рұқсат етіледі.

Жетелеуші сұрақтар

- Сіз бастапқы үлгіні жасауға қаншалықты жақындадыңыз?



Үндемей құрастыру

Балаларды жұпқа немесе топтарға бөліп, осы жаттығудың 1-2 қадамдарын орындаңыз. Бұл жолы екі балаға да қарауға және құрастыруға рұқсат етіледі. Бірақ, құрастыруды бастағанда оларға бір-бірімен сөйлесуге немесе нақтылау үшін үлгіге қайта баруға тыйым салынады.

3. Бес минуттан кейін жұптар өз үлгісімен салыстыруға барады.

Жетелеуші сұрақтар

- Бастапқы үлгіге қаншалықты жақындадыңыз?



Кеңестер мен құпиялар

Текшелерді сақтау

Текшелерді алты данадан қорапқа немесе тасымалдауға ыңғайлы табандыққа салыңыз. Үлкен балаларды оларды партада сақтауға үйретуге болады; шамамен 2-3 аптадан кейін сіздің тарапыңыздан ескертулерден кейін олар текшелерге назар аудармауы мүмкін.

"Қолымызға аламыз" және "қолымызды аламыз" Алты текшемен ойын жаттығуларына қатысты, мұғалім нұсқаулар берген кезде балаларға "қолымызды аламыз" ережесін үйрену пайдалы болады. Нұсқаулардан кейін жаттығу "қолға аламыз" командасы бойынша басталады. Осы ережені қалай есте сақтау керектігі және балаларды оған ойын түрінде қалай үйрету керектігі туралы талқылауға тырысыңыз.

Текшелерді қалай тез жинауға болады

"Алты текшемен не істеуге болады 1" немесе "Биік мұнара" сияқты топтық жаттығулар кезінде еденге жұқа көрпе немесе төсек жайма төсеп, олардың үстінде құруға тырысыңыз. Жаттығуды аяқтағаннан кейін сіз барлық текшелерді бірден жинайсыз.

LEGO® DUPLO® текшелерін жуу

Сіз текшелерді жұмсақ шүберекпен, ысқышпен немесе жұмсақ щеткамен жұмсақ сілтілі сабынның немесе жуғыш сұйықтықтың (40 °C-тан аспайтын) жылы сулы ерітіндісінде жууға болады. Текшелерді тек суға шайып, кептіру үшін жайыңыз (күн сәулесінің тікелей түсуіне жол бермеңіз!).

Тұрақты конструкцияларды құрастыру

Егер сіз мұнара немесе қада түріндегі пішінді бір текшені екіншісінің үстіне қойып құрастыратын болсаңыз, онда мұндай конструкцияның тұрақтылығы әлсіз болады. Оның орнына, тас қалаушылар саман кірпіштен немесе бетон ерітіндісімен үй салу арқылы тас қалаушы сияқты текшелерді қабаттастырып көріңіз.

Қатты және тұрақты беттерде құрастыру

Үстел немесе кафельмен жабылған еден сияқты қатты, тегіс және тұрақты бетке құрастыру әлдеқайда оңай.

Жаттығуларды жоспарлауға арналған шаблон

Балалар үйренеді:

Дайындық жаттығу

1.

2.

3.

4.

5.

Жетелеу сұрақтары


•

•

•

•

Буклеттегі белгілер:



Ұсынылатын балалар саны



5-10



10-20



30-40

Ойын жаттығуының шамамен ұзақтығы минутпен

Ойын арқылы оқуды тек
бірге игере аламыз.



LEGOFoundation.com-да бізбен жақын
танысыңыз Twitter @LEGOFoundation-
да жаңалықтарды бақылаңыз. Бізге
LEGOFoundation@lego.com
электронды мекен-жайға хат
жазыңыз

LEGO қоры
Koldingvej 2
7190 Billund, Дания

